

БӨЛІМ: ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Отбасы - тәрбие бастауы

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.05.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/37899/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Мамытова Ултуар Тәжібайқызы

Н.Тілендиев атындағы облыстық мектеп-интернаты

Тәрбиеші: Мамытова Ултуар Тәжібайқызы

Тәрбие сағаттың тақырыбы: «Отбасы — тәрбие бастауы»

Мақсаты: Ата - аналармен тілдесіп, оларды ынталандыру, ортақ шешімді анықтау. Болашақта баламен жұмыс істеу міндетін белгілеу, ата — аналармен бетпе-бет кездесе отырып, бала тәрбиесі туралы пікір алысу. Бала тәрбиесі де ата — ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу.

Көрнекілігі: Тақтаға ұлағатты сөздер жазған парақшалар ілінеді: «Таяқтау оңай, тәрбиелеу қиын», «Бала нені білсе жастан, ұядан — өле өлгенше соны таныр қиядан»
Даналық сөз: «Баланы дұрыс тәрбиелеу — бұл біздің қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу — бұл біздің келешек қасіретіміз» А. С. Макаренко т. б. Сұрақтар жасырылған алқаптағы гүлдер.

Кіріспе сөз

Мұғалім: Құрметті ата — аналар! Бүгін біз сіздермен бала тәрбиесі жөнінде ой бөлісу мақсатында жиналып отырмыз. «Ағаштан ағаш рең алады, адамнан адам тәлім алады» демекші әрбір ата — ана өз баласының тәрбиелі де рухани азығы мол азамат болып өсуін тілейді. Қазіргі заманымыздың басты мақсаттарының бірі — жас ұрпаққа саналы тәрбие беру. Жас ұрпақтың саналы азамат болып қалыптасуында ата — анамен тәрбиешінің рөлі зор. Бұл істе асығыс шешім, жалған әдіс, қатып қалған тәсіл қолдануға болмайды. «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алымен баланың сезімін оятып, баланың әсершілдігін

дамыту». «Сезімді тәрбиелеу»яғни баланы қоғамдық мәні бар, адамдарға жақсылық әкелетін қылық қасиеттерден рахат, қуаныш табуға баулу деген сөз. Парасаттылық дегеніміз — адамзатқа қызмет ету. Әр ата — ана перзентінің мәдениетті, адамгершілігі мол, білімді, саналы, еңбекқор, ата — салтын, ана — тілін қастерлейтін, үлкенді сыйлай білетін адам етіп тәрбиелеуді ата — аналық міндеті деп түсіну керек. «Күллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы — жақсы тәрбиеленген адам» деген болатын грек философы — Эпикет.

Бала — әр ата — ананың болашағы. Ол - оның өмірінің жалғасы. менің болашағым дегенде ойларыңызға қандай ұғымдар келеді?

Ой қозғау

Бала деген кім?

Гүлдің бейнесін келтіріп гүлдің жапырақшаларының ішіне ата — аналар жауаптарын жазады. Мысалы: бауыр етіміз, болашағымыз, үмітіміз, мұрагерім, жанымның саясы, асыраушым т. б

Біздің ұрпағымыздан күтеріміз көп. Олай бола, біз тәрбие үрдісіне баламыздың жат қылықтардан аулақ болуын қадағалауымыз керек. қандай жағымсыз тілектерді баламызға тілемейміз. Мысалы: еріншектік, жалқаулық, сараңдық, т. б Біздің баларымыздың адамгершілік, моральдік бейнесі әр уақытта көңілімізден шыға бермейді. Күнделікті өмірде ашуланшақ, әдепсіз балалар кездесіп жатады. Бала өзінің болашағы екенін ұғынатын әр ата — ана өз баласына көп көңіл бөлуі керек

Гүл теруге шығайық!

(Әуен ойналып тұрады, арнайы дайындалған гүлдер алқабына бару) Барлық ата — аналар орындарынан тұрып, гүл теруге шығады. Бір — бір гүлден алады. Сол гүлдерде сұрақтар жасырылған. Осы сұрақтар көлемінде пікірталас өрбиді.

Сұрақтар:

1. Сіздің бойыңызда, сіздің ойыңызша қандай жақсы қасиеттер бар?
2. Егер сіздікі дұрыс болмасада балаңыздан кешірім сұрай аласыз ба?
3. Баланың бойына жақсы қасиеттер қалыптастыру жолын айтыңыз?
4. Шыдамды деген не? Шыдамдылық қасиетін қалыптастыруда сіз қандай роль атқарасыз?
5. «Өнегелі отбасы» дегенді қалай түсінесіз? т. б

«Танып ата»? ойыны.

Ойын барысында қатарда тұрған балалар арасынан ата — аналар жеке — жеке шығып, көзі жұмулы күйінде сипалап тану арқылы өз балаларын табады.

Ситуациялық сұрақтар

«Қымбат машина» әңгімесі

«Бірде әкесі Аманға жаңа ойыншық сатып әкеліп берді де: «Сындырушы болма,

қымбатқа сатып алдым»- дейді. Қандай ойыншық десейші. Қара бояуы жалтылдаған әдемі машина. Келесі күні Аман жаңа ойыншығын құшақтап аулаға шықты. Сыртта оны Рахат, Қанат, Мұса қоршап алды.

— Қараңдаршы, папам әперді. Аман машинасын құшағынан шығармай мақтана сөйледі.

— Келші көрейік...

Бере тұршы жүре ме екен?

— Қандай әдемі, кел. ойнайық.

Аман ойыншығын құшақтап оларға бермей қойды. Әрі — беріден соң Рахат та, Қанат та, Мұса да өз беттерімен ойнап кетті. Аман ойыншықты үйге әкеліп, төсегінің астына қойды да сыртқа шықты. Қараса, балалар өздерінше арық қазып ойнап жүр екен. Аман қызығып, жүгіріп қастарына келді.

— Мен де ойнайыншы.

— Ал, балалар болса үндемей, ойындарын жалғастыра берді.»

Сұрақтар:

1. Әңгімеден не түсіндіңіздер?
2. Кім қателік жіберді деп ойлайсыздар?
3. Аман кінәлі ме?
4. Аманның әкесінің орнында сіздер қайтер едіңіздер?

Қорытынды

Барлық өнеге отбасынан басталады. Балаларымыздың бойына сіңген ізеттілік — дөрекілікке, қайрымдылық - қатігездікке, адалдық - арамдыққа ауыспасын деген тілегімізді орындау — ұрпақ алдындағы ұлы міндет деп түсінейік.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.